



010000, Астана к., Бейбітшілік к-сі, 11 үй  
тел.: /7172/ 55-66-31, факс: 55-72-94

№

18.05.2023 № 3 ге

010000, г. Астана, ул. Бейбитшилик, 11  
тел.: /7172/ 55-66-31, факс: 55-72-94

Тұрақты комиссияның  
2023 жылғы 18 мамырдағы  
қаулысы

**Қ. Мұнайтпасов атындағы  
стадион, «Қазақстан» спорт  
сарайы, дене шынықтыру-  
сауықтыру кешендері  
құрылыштарының барысы  
туралы**

Бланк серийлық номеріз жарасыз  
Бланк без серийного номера не действителен

Астана қаласы мәслихатының әлеуметтік-мәдени даму мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы (бұдан әрі - Тұрақты комиссия) дене шынықтыру-сауықтыру кешендері, Қ. Мұнайтпасов атындағы стадион, «Қазақстан» спорт сарайы құрылыштарының барысы туралы ақпаратты тыңдал және талқылап, мыналарды атап өтеді.

Астана қаласының әкімдігі атынан «Астана қаласының Дене шынықтыру және спорт басқармасы», «Астана қаласының Құрылым басқармасы» мемлекеттік мекемелері (бұдан әрі – мемлекеттік әріптестер) және жеке әріптес атынан «Colosseo EAS» АҚ Бас директоры Ян Йенч (бұдан әрі – жеке әріптес) арасында 2020 жылғы 21 қазанда «Қазақстан» спорт сарайын жаңғырту бойынша мемлекеттік-жеке әріптестік шарты (бұдан әрі - МЖӘ шарты) жасалды.

МЖӘ шартының талаптарына сәйкес МЖӘ жобасын екі кезеңді жаңғыртуды жүзеге асыру үшін 2021 жылғы 21 қазандағы қабылдау-тапсыру актісімен объект жеке әріптеске берілді (1 – кезең - бөлшектеу жұмыстарын жүргізу жобасына сәйкес объектіні бөлшектеу; 2 – кезең - жаңғырту жобасына сәйкес объектіні жаңғырту).

ЖСҚ сараптамасының оң қорытындысына сәйкес құрылым-монтаждау жұмыстарының жалпы сметалық құны 24 831 211 мың теңгені құрады, бұл бастапқыда мәлімделген құннан 8 млрд. теңгеге артық. Жеке әріптес қосымша келісімге қол қою арқылы инвестициялық және операциялық шығындардың өтемақысын ұлғайту жағына МЖӘ шартының құнын қайта қарау жөнінде хабарлама жіберді.

Мемлекеттік әріптестер жеке әріптестің МЖӘ шартының құнын ұлғайту жағына қарай қайта қарау және МЖӘ шартына езгерістер енгізу жөнінде қосымша келісім жасасу туралы ұсынысын қабылдамады. Жеке әріптес МЖӘ шартының құнын ұлғайту жағына қарай қайта қарау туралы талап арызбен сотқа жүгінді, ол қанагаттандырылмады. Жоғарыда айтылғандардың негізінде құрылыш-монтаждау жұмыстары МЖӘ шартына сәйкес жүзеге асырылатын болады.

2021 жылғы 28 шілдеде «Астана қаласының Дене шынықтыру және спорт басқармасы» ММ мен «Құрылыш-консалтинг» ҰО» ЖШС арасында Мұңайтпасов атындағы стадионды жобалау бойынша шарт жасалды. Истің сотта қаралуына байланысты шарт бойынша жұмыстарды жүргізу кестесіне сәйкес орындау мерзімі 2023 жылғы 31 шілдеге дейін ұзартылды. Қазіргі уақытта эскиздік жоба өзірленіп, «Астана қаласының Сәулет, қала құрылышы және жер қатанастары басқармасы» ММ-де келісілуде. Оң қорытынды алу үшін ЖСҚ-ны мемлекеттік сараптама порталына жүктеудің жоспарланған мерзімі - 2023 жылғы тамыз.

«Астана қаласындағы дene шынықтыру-сауықтыру кешені, «Есіл» ауданы, Ильинка тұрғын алабы, С. Қожанұлы мен Жәменке көшелерінің қыылышы ауданы» (аяқталмаған құрылыш), «Железнодорожный» тұрғын алабындағы дene шынықтыру-сауықтыру кешені» (аяқталмаған құрылыш) обьектілерінің құрылышы мәселесі бойынша бүгінгі күні инженерлік желілерді төсеу, желдету жабдықтарын, терезелердің сэндвич-панельдерін, терезе жақтауларын, жылу торабын орнату бойынша жұмыстар орындалды. Ішкі әрлеу жұмыстары басталды.

Сонымен қатар, тұрақты комиссия қаланың тұрғын алаптары мен оң жағалауы ауданында спорт обьектілерінің тапшылығын атап өтті. Сонымен қатар, спорт обьектілерін салу мерзімдері бойынша артта қалушылық орын алуда. Бұл ретте салынған дene шынықтыру-сауықтыру кешендерінің аумақтары ұтымсыз пайдаланылады, өз мақсаттарын толық көлемде орынданады.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде Астана қаласы мәслихатының әлеуметтік-мәдени даму мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы

### **ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

1. Дене шынықтыру-сауықтыру кешендері, К. Мұңайтпасов атындағы стадион, «Қазақстан» спорт сарайы құрылыштарының барысы туралы ақпарат назарға алынсын.

2. «Астана қаласының Дене шынықтыру және спорт басқармасы» ММ, «Астана қаласының Құрылыш басқармасы» ММ:

дene шынықтыру-сауықтыру кешендері, К. Мұңайтпасов атындағы стадион, «Қазақстан» спорт сарайы құрылыштары бойынша жұмыстарды жалғастыру;

«Қазақстан» спорт сарайын жаңғырту және Мұңайтпасов атындағы стадион құрылышының жобаларын таныстыру;

оң жағалау тұрғындарының спортпен шұғылдануы үшін орын ұсынудың балама тетіктері бойынша ұсыныстар енгізу;

шартты орындау мерзімдерін бұзғаны үшін жекеше әріптеске қатысты мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартында көзделген санкциялық шараларды қолдану;

спорт объектілерін жобалау кезінде кәсіби спортшыларды тарту;

Астана қаласының тұрғын алаптарында тұрғындармен алдын ала талқылай отырып, спорт кешендерін салу бойынша жұмыстарды жалғастыру;

құрылых салушының дene шынықтыру-сауықтыру кешендерін салу кезіндегі кемшіліктерін кепілдік мерзімі шенберінде жоюы жөнінде шаралар қабылдау;

жұмыс істеп тұрған дene шынықтыру-сауықтыру кешендері бойынша ақпарат беру (спорт секцияларының саны мен атауы, секцияларға баратын балалардың саны және т. б.);

кешендердің толық жобалық қуатын пайдалана отырып, дene шынықтыру-сауықтыру кешендерін мақсаты бойынша пайдалану жөнінде шаралар қабылдау ұсынылсын.

3. «Астана қаласы бойынша Тексеру комиссиясы» ММ дene шынықтыру-сауықтыру кешендерінің құрылышына бөлінген қаражаттың пайдаланылуына аудит жүргізу ұсынылсын.

4. Мемлекеттік органдар осы қаулының орындалуы жөнінде ақпаратты қалалық мәслихатқа бір ай мерзімде ұсынсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы мәслихатының әлеуметтік-мәдени даму мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

**Астана қаласы мәслихатының  
әлеуметтік-мәдени даму мәсселелері жөніндегі  
тұрақты комиссиясының төрағасы**

A. Смагұлов